

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының  
«Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау  
жүргізу туралы талдамалық анықтама**

**Қазығұрт ауданы**

**25.07.2023 жыл**

**Кіріспе бөлім:**

**1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:**

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабының 5-тармағына;

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы № 21 бұйрығы негізінде;

Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының 12.06.2023 жылғы №331-н/қ санды «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы.

Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының барлық бөлімдеріне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі 23.06.2023-07.08.2023 ж.

Жұмыс тобы мүшелері:Б.Туреханов – Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы басшысы; (09.08.2023 жылы жұмыстан босатылған)

С.Рысбаев – басшы орынбасары м.а.;

А.Чалкаров – басшы орынбасары; (24.08.2023 жылы жұмыстан босатылған)

Д.Мадибеков – заңгер;

Р.Тасполтаев – мемлекеттік сатып алу жөніндегі маман;

Н.Турлыбаев – кадр бөлімінің басшысы;

А.Жубатова – бас мейірбике.

1. Персоналдарды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін анықтау.

Мемлекеттік орган ержесіне сәйкес, Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының қызметіне және оған байланысты нормативті - құқықтық актілерге тисті мына қызмет талданды:

Шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, кіріс-шығыс хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулының талаптары туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ЗРК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы туралы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты.

- 1) Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының қызметін қорғайтын нормативтік құқықтық актілерде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормаларды анықтау;
- 2) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;
- 3) Мүдделер қақтығысын реттеу;
- 4) Көрсетілген медициналық қызметтер бойынша.

**Ішкі талдау мерзімі:** 2023 жылдың 23 маусым – 7 тамыз айы аралығы.

**Ішкі талдау жүргізілетін кезең:** 2022жыл – 2023 жылдың шілде аралығы.

1. Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормаларды анықтау:

## **2. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы:**

Денсаулық сақтау қызметкерлерін жұмысқа алу (оның ішінде жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары орта буында медициналық қызметкерлер) адал, әділ және ашық негізде <https://www.enbek.kz/ru> порталына хабарландыру ілу арқылы жүзеге асырылады.

Барлық қызметкерлер біліктілік талаптарына сай қызмет атқарып келеді.

Жұмысшы топ Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының қызметкерлерінің арасында туыстық немесе басқада қатынастары бар немесе жоқтығы бойынша ішкі талдау жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде теріс өкілеттіктер мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын бұзушылықтар орын алмаған.

Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының басшысы мен орынбасарлары азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күндерінің кестесі бекітілген және сол бекітілген кестеге сай қабылдау жүргізілуде.

Келіп түскен арыз-шағымдар өз мерзіміне сәйкес уақытылы қаралып, арыз иелеріне жауап беріледі.

<https://eotinish.kz/> порталы арқылы 2022 жылы 2 заңды тұлғалардан арыз-шағы (хат) ретінде түскен. Арыз-шағымдар қаралу уақытына сәйкес уақытылы қаралып, арыз иелеріне жауап берілді.

<https://eotinish.kz/> порталына 2023 жылы 7 арыз-шығым түскен. Жеке тұлғалардан -5, заңды тұлғалардан – 2. Арыз-шағымдар қаралу уақытына сәйкес уақытылы қаралып, арыз иелеріне жауап берілді.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Төрағасының бірінші орынбасары сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет генерал-майоры Д.Малаховтың 17.08.2023 жылғы №3-3-2/7159-И хатына сәйкес бөлім басшыларының лауазымдық нұсқаулықтарындағы міндеттерін сәйкестендіру мақсатында Қазығұрт аудандық орталық ауруханасына қарасты бөлім меңгерушілерінің лауазымдық нұсқаулықтарына



ішкі талдау жүргізіліп, лауазымдық нұсқаулықтарындағы міндеттеріне әкімшілік-шаруашылық және ұйымдастырушылық-әкімдік функциялары Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының бұйрығымен енгізілді.

### **3. Мемлекеттік сатып алу:**

Кәсіпорынның ТОО "Social-i International Kazakhstan"-пен түзген 091040002807/220081/00 2022-09-16 келісім шартының Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 160 000.00 теңгені құрайды.

Аталған келісім шарт Мемлекеттік сатып алу заңының 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағын *(көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді), 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларын (көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.*

**Шешу мәселесі:** Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

Кәсіпорынның ТОО "MEDsmart"-пен түзген 091040002807/220076/00 2022-09-05 келісім шартының Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 200 000.00 теңгені құрайды.

Аталған келісім шарт Мемлекеттік сатып алу заңының 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағын *(көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді), 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларын (көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.*

**Шешу мәселесі:** Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

Кәсіпорынның МУСРАЛИЕВА АКБОЛГАН ЖАЙЖАНОВНА-мен түзген 091040002807/220065/00 2022-07-19 келісім шартының Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 1 703 400.00 теңгені құрайды.

Аталған келісім шарт Мемлекеттік сатып алу заңының 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағын *(көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді), 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларын*

(көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.

**Шешу мәселесі:** Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

Кәсіпорынның ИП АҢСАР-мен түзген 091040002807/220037/00 келісім шартының Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 5 848 681.01 теңгені құрайды.

Аталған келісім шарт Мемлекеттік сатып алу заңының 39-бап 3-тармақ 50-тармақшасын (егер мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі, бірақ екі айдан аспайтын мерзім ішіндегі қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті осындай тауарларды (ұйымдастырушы сәуір айында шарт жасаған) бұзуда.

**Шешу мәселесі:** Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның Заңның 39-бап 3-тармақ 50-тармақшасына сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша мүдделер қақтығысы анықталған жоқ, аурухананың және қызметкерлердің қызметінде бұзушылық анықталған жоқ.







Этикалық нормаларды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау: Талдау жүргізу кезеңінде Әдеп кодексі, сыбайлас жемқорлық заңнамасы нормаларының сақталуын талдау қорытындылары бойынша этикалық нормаларды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтаумен байланысты тәуекелдердің туындауының расталған жағдайлары анықталған жоқ.

**Ұсыныс:** 1.Талданып отырған кезеңде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық анықталған жоқ.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты күшейту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда белсенділік пен қырағылық таныту.

3. Мемлекеттік сатып алуды Заңның 39-бап 3-тармақ 50-тармақшасына сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуді міндеттеу.

Жұмыс тобы мүшелері:

Б.Сланов   
С.Рысбаев   
М.Сапарбекұлы   
Д.Мадиебеков   
Р.Тасполтаев   
Н.Турлыбаев   
А.Жубатова 